

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ДҮНИЕСІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ ДІНИ САУАТЫН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕСІ

Захай Арнаул

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, докторант

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, оқытушы, Астана, Қазақстан

Еліміздің ата заңында ар-ождан бостандығы туралы, дінге және діни нанымға байланысты кемсітуге болмайтындығы, сондай-ақ қандай дін болмасын, азаматтардың ерекшеліктеріне қарамастан тең құқылы екендігі жазылған.

Қазақстандағы қазіргі діни ахуал күрделі әрі сан-салалы. Сөзіміздің дәйекті болуы үшін соңғы кездердегі деректерге назар аударып кетсек, 1989 жылғы 1 қаңтарда 30 конфессияға тиесілі 700-ге жуық діни бірлестіктер болса, 2003 жылдың 1 қаңтарында 3206 діни бірлестіктер жұмыс істеген. Қазір діни бірлестіктер мен ұйымдардың саны 4209-ға жеткен. Олардың арасында 2488 исламдық, осылардың ішінде суниттік, шииттік, сопылық, ахмадия ағымдары бар. Бұған қоса Қазақстанның аумағында православиелік шіркеуге жататын 292 діни бірлестік, 7 старообрядтық шіркеу, римдік-католиктік шіркеуінің 84 бірлестігі, 1267 протестанттық бірлестік жұмыс істейді. Қазіргі Қазақстандағы дәстүрлі емес діни қауымдарға төмендегілер енеді: 5 буддистік қауым, 24 индуистік, 12 кришнаиттік, 23 бахай, 2 трансценденталдық медитация қауымы, ұлы ақ бауырластықтың 2 қауымы, 6 саентология шіркеуі қауымы және т.б. Ең басты алаңдатушылық тудыратын мәселе діни ұйымдардың бар қарқынымен өсуінде болып отыр.[1]

Миссионерлік – діни ұйымдардың ілімдерін таратуға арналған діни және саяси қызмет. Миссионерлік ұйымдардың шоқындыру саясаты, Африка және Азия халықтары арасында қарқынды, мақсатты түрде жүргізіліп отыр. Миссионерлік ұйымдарға бірқатар елдердің мемлекеттік құрылымдары, қайырымдылық қорлары, үкіметтік емес ұйымдар, қаржылық топтар материалдық және моральдық тұрғыдан көмектесіп, ортақтаса жұмыс жасайды. Миссионерлер баратын ел халқының дінін, тарихын, әдет-ғұрпын, ділі мен психологиясын зерттеп біліп барады.

Көптеген миссионерлер жергілікті халық басым елді мекендерде тұрып, сол халықтың тілін, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтарын өз қызметтерін табысты атқару үшін жетерліктей деңгейде зерттеп, үйренеді. Елімізде протестанттық және неопротестанттық шіркеулердің миссионерлік қызметтері халқымыздың діни бірлігі мен ынтымақты өміріне кері әсерін тигізеді.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың өкілдері, яғни миссионерлер өздерінің нанымдарын таратуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдаланады. Негізінен заң аясында тіркеліп, жария түрде жұмыс атқарған сияқты көрінгенімен, астарлы түрде көптеген жұмыстарды атқарады. Оған қазіргі тіл үйрету курстарының, қайырымдылық қорларының көбейіп кетуі, сол арқылы өздеріне жақтастарды тауып жатқандығы куә.

Сонымен қатар, заман талабына сай оқу орындарын құру, сол арқылы өздері қалаған мамандар мен адамдарды даярлап шығу да миссионерлердің батыл қолданатын тәсілі болып табылады. Яғни, Қазақстан территориясында да жеке оқу орындарының қатарында осы мақсатта жұмыс істеп жатқандары баршылық [2].

Сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарын, соның ішінде діни мағыналы газет-журналдар шығару да қазіргі дәстүрлі емес діни ағымдар жиі пайдаланатын тәсіл.

Жалпы Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда діни ағымдардың еркін таралуы мен олардың қатарының күн санап өсуінде халықтың, әсіресе жастардың құқықтық және діни сауатының төмендігі үлкен ықпалын тигізіп отыр деуге болады [3].

Өзекті мәселелердің бірі діни ұйымдардың Қазақстан территориясында тіркелуі мәселесі. Зиянды діни ұйымдар бастабында өздерінің жарғыларында нақты жүзеге асыратын шынайы қызметтерін көрсетпейді. Өйткені, олардың бұл ұстанымдары Қазақстан Республикасының заңдарына сай келмейді. Олардың шынайы бейнелері, тараптарларының саны белгілі бір межеден асқаннан кейін ғана көріне бастайды. Мәселен, соңғы кездері көріне бастаған «Йегова куәгерлері» бірлестігінің заңға қайшы әрекеттері. «Йегова куәгерлері» - Қазақстандағы саны жағынан өсіп келе жатқан конфессия болып отыр. Оның діни орталығы Есік қаласында орналасқан, 70-тен астам діни бірлестіктері әділет органдарында ресми тіркелген және 30-дан аса жергілікті қауымдары бар, оны ұстанатын адамдары өзге дәстүрлі емес діни ұйымдармен салыстырғанда анағұрлым жоғары. Сондықтан да олардың ұстанымдары бойынша қолға қару алуға, науқас адамға қан құюға, шекараны

мойындауға т.б. елдік ерекшеліктерді ұстануға болмайтындықтан сенімдеріне қайшы болып саналады.

1999 жылы діни бірлестіктердің құқықтары мен мүдделерін қорғау мақсатымен Қазақстанның діни бірлестіктер қауымдастығы құрылды. Бұл қауымдастық 200-ге жуық діни бірлестіктерді біріктіреді. Сонымен қатар осындай зиянды ағымдардан зардап шеккен адамдарды сауықтыратын орталықтар да күн санап артып келе жатыр.

Қазақстан Республикасының Конституциясында ождан бостандығы мен діни бостандықтың қағидаттары, әртүрлі конфессияларға жататын азаматтардың өздерінің діни бірлестіктерін құрудағы теңқұқылығы, мемлекеттің шіркеуден бөлінгендігі туралы қағидаттар бекітілген. Сондай-ақ діннің және діни бірлестіктердің әлеуметтік қызметтерін реттеудің халықаралық тәжірибелеріне негізделген өзге де бірқатар нормативтік-құқықтық негіздер бар. Соған қарамастан, діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін дәл анықталмаған. Осындай белгісіздік, әсіресе оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа үрдістерге байланысты анық та айқын аңғарылуда. Бұл, әрине, әсіресе дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани нормалары мен догмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттардың пайда болуына байланысты. Мұндай әсірешіл нышандар діни фундаментализм мен діни экстремизм ретінде көрініс табуы мүмкін.

Қазіргі кезде азаматтар көптеген құқық бұзушылықтарға қарсы құқық қорғаушыларға жүгіну керектігін біледі. Мәселен, ұрлық жасалса шариғат бойынша оның қолын шабуды емес, құқық қорғаушылар арқылы заңды жауапқа тартуды ойлайды. Алайда, көптеген теріс ағымның құрбанына айналған азаматтар, әсіресе әйелдер өзінің тұрмыстық зорлық-зомбылықтарының жауабы шариғаттан іздейтіндігі түсініксіз. Сондықтан, зайырлы мемлекеттің азаматы ретінде кез-келген құқық бұзушылықтар мен қоғамдық қатынастар заңмен реттелетіндігін естен шығармаған дұрыс. Шариғат бойынша да құқықпен қолданылған жаза, шариғи жазаның орнына жүреді деп есептеледі.

Қорытындылай келгенде, дәстүрлі емес діни ағымдардың таралу жолдары; алдымен белгілі бір тұлғаның дәстүрлі ағымдардың таралуында қолдау көрсетуі болып табылады. Яғни, олар өздерін құқықтық және әлеуметтік тұрғыдан қорғау мақсатында танымал, беделді адамдармен тығыз жұмыс атқаруға барын салады. Екіншіден басқа мемлекеттердің мүддесі тұрғысынан әрекет жасайды. Бұл діни ұйымдардың Қазақстанда таралуына кейбір шет мемлекеттерде өздерін мойындатқан немесе идеологиясына сай келетіндіктен үкіметтік деңгейде таралу қолдауына ие болады. Үшіншіден олардың қаржылық мәселелері жөнінде болып отыр. Дәстүрлі емес діни ұйымдардың екі қыры бар: бірі коммерциялық, екіншісі идеологиялық. Олар тек діни ағым ретінде ғана емес, инвестор немесе бизнес өкілі ретінде де еркін жұмыс істейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәпиев Б. Діни бірлестіктер іс-әрекеттерінің бағыттары. Әдістемелік құрал. – Алматы, 2009. – 5 б.
2. Абдуррахман К., Түмер Г. Діндер тарихы. –Анкара: 1997. – 411 б.
3. Жастардың көзқарасы тұрғысынан Түркі әлемінің діни мәселелері// Форум материалдары/ - Анкара: 1998. 24-25 бб.

УДК 101.9

ЧОКАН ВАЛИХАНОВ В КОНТЕКСТЕ ИСТОРИИ ФИЛОСОФИИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА

Иманбеков Мирлан Мейрамбекович

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
ассоциированный профессор кафедры философии, Астана, Казахстан

Изучение творческого наследия выдающихся мыслителей прошлого является неотъемлемой частью истории философии. Внимание историков философии к исследованию казахского самосознания в целом и концепциям этого самосознания в творчестве казахских мыслителей в частности получило новый стимул с обретением нашим государством независимости.

Выделение казахской философии как специфического раздела мировой философии невозможно без изучения истории казахской философии, появления и становления самобытных с